

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі № 306 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1112 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 936 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі № 306 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж. № 11, 84-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бүкіл мәтін бойынша «Мәдениет» деген сөз «Байланыс» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтағы «Бауыржан Жұмаханұлы Омаров» деген сөздер «Болат Талапұлы Берсебаев» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтағы «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің жауапты хатшысы Жанна Дулатқызы Құрманғалиева» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат вице-министрі Нұрай Нұрғожаұлы Оразов» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5-тармақтағы «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне» , «әзірлеу тапсырылсын» деген сөздер тиісінше «2011 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі», «әзірлесін» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К Мәсімов